# СИЛЛАБУС
## «Дерматовенерология»
## пәнінің жұмыс оқу бағдарламасы
## 6В10117 «Стоматология» - білім беру бағдарламасы

| | | | |
|---|---|---|---|
| **1.** | **Пән туралы жалпы мағлұмат** | | |
| 1.1 | Пән коды: Der 4321 | 1.6 | Оқу жылы: 2025-2026 |
| 1.2 | Пән атауы: «Дерматовенерология» | 1.7 | Курсы: 4 |
| 1.3 | Реквизитке дейінгі: қалыпты тірек-қимыл аппараты және тері, микробиология және иммунология, ішкі аурулар пропедевтикасы, клиникаға кіріспе. | 1.8 | Семестрі: 8 |
| 1.4 | Реквизиттен кейінгі: ауыз қуысының шырышты қабығының аурулары, онкостоматология. | 1.9 | Кредит саны (ECTS): 3/90 |
| 1.5 | Циклі: БнП | 1.10 | Компоненті: ТК |
| **2.** | **Пәннің мазмұны (50 сөзден көп емес)** | | |

Қазіргі заманғы дерматовенерологияның базалық негіздерін қалыптастыру, оның клиникалық микробиологиямен, иммунологиямен байланысы. Диагностика әдістері, фармакотерапия негіздері және ғылыми принциптерді қолдану негізінде инфекциялық патологияның алдын алу. Қоғамдық денсаулық сақтау, санитарлық-гигиеналық режим, Денсаулық сақтау ұйымдарындағы еңбек қауіпсіздігі, қоршаған ортаның эпидемиологиялық қауіпсіздігі нормаларын сақтау дағдылары. ҚР заңнамасы шеңберінде кәсіби міндеттерді сапалы орындау.

| | | | |
|---|---|---|---|
| **3.** | **Жиынтық бағалау түрі** | | |
| 3.1 | Тестілеу | 3.5 | Курстық |
| 3.2 | Жазбаша | 3.6 | Эссе |
| 3.3 | Ауызша | 3.7 | Жоба |
| 3.4 | Тәжірибелік дағдыларды бағалау | 3.8 | Басқа (көрсету) |

**4. Пәннің мақсаты**

Міндетті алғашқы медициналық-санитариялық көмек (МАМСК) жүйесінде табысты жұмыс істеу үшін қажетті білім, практикалық және коммуникативтік дағдылардың талап етілетін көлемін меңгерген, кәсіби білім беру стандартының талаптарына сай келетін, дәлелді медицинаның қажетті көлемдегі білімін, білігін және практикалық дағдыларын меңгерген, дерматовенерология саласында диагностикалық, емдік, оңалту және профилактикалық іс-шараларды дербес жүргізе алатын стоматолог-маманды даярлау.

| | |
|---|---|
| **5.** | **Оқытудың соңғы нәтижелері (пәннің ОН)** |
| **ОН 1** | Науқастың жалпы жағдайын бағалау, оның ауыз қуысы мен жақ-бет аймағында басым локализациясы бар кең таралған тері аурулары мен жыныстық жолмен берілетін инфекциялардың белгілері мен синдромдарын анықтау, диагностикалық, профилактикалық және емдеу шараларын жоспарлауға пациентке бағытталған тәсілді қамтамасыз ету үшін клиникалық ғылымдардың негіздерін білуді қолдану. |
| **ОН 2** | Өмірге қауіп төндіретін жағдайлардың немесе қауіпті аурулардың белгілерін анықтаған кезде жедел көмек көрсету; бейінді маманға уақтылы жіберу; кез келген жастағы науқасты ауруханаға жатқызу. |
| **ОН 3** | Өмір бойы өзін-өзі тұрақты бағалау және оқыту негізінде үздіксіз тұлғалық және кәсіби өсуді қолдау, медициналық қызмет көрсету сапасын үнемі жақсарту үшін қажетті қасиеттерді көрсету. |

| **5.1** | **Пәннің ОН** | **Пәнді оқыту нәтижелерімен байланысты білім беру бағдарламасының оқыту нәтижелері** |
|---|---|---|
| | ОН 1 | **ОН 2-** Стоматологиялық аурулардың даму механизмдерін түсіну үшін өсу мен даму заңдылықтарын, қалыпты және патологиядағы дене құрылымын талдау. |

| | | |
|---|---|---|
| | | **ОН 3**- Пациенттермен, олардың отбасыларымен және медицина қызметкерлерімен тиімді ақпарат алмасуға және ынтымақтастыққа әкелетін этика, деонтология ережелерін және инклюзия қағидаттарын сақтау негізінде оның ішінде ақпараттық технологияларды пайдалана отырып, тұлғааралық және коммуникативтік дағдыларды көрсету. |
| | ОН 2 | **ОН 4 –** Стоматологиялық ауруларды диагностикалауға, емдеуге және алдын алуға бағытталған тиісті және тиімді іс-шараларды қамтитын тиімді пациент-орталықтандырылған күтімді қамтамасыз ету. |
| | ОН 3 | **ОН 7 –** Пациенттермен жеке, топтарда және қауымдастықтарда олардың денсаулығын нығайту және сақтау бойынша ағартушылық және профилактикалық жұмыстар жүргізу және медициналық ақпараттық жүйелерді пайдалана отырып, пациенттерді динамикалық бақылау.<br>**ОН 9** - Білім мен практикалық дағдылардың деңгейін арттыра отырып, үздіксіз өзін-өзі тәрбиелеу мен дамытуды жүзеге асыру және өз жұмысында мінез-құлықтың жоғары этикалық принциптері мен стандарттарын көрсету. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **6.** | **Пән туралы толық ақпарат** | | | | |
| **6.1** | Өткізу орны (ғимарат, аудитория): Кафедраның орналасқан жері: Шымкент қаласы, Ақпан-батыра 108а көшесі, «Ер –ана» медицина орталығы. | | | | |
| **6.2** | Сағат саны | Дәріс | Тәжірибелік сабақ | ОБӨЖ | БӨЖ |
| | | 6 | 24 | 9 | 51 |

| | | | |
|---|---|---|---|
| **7.** | **Оқытушылар туралы мәліметтер** | | |
| **№** | **ТАЖ** | **Дәрежесі және лауазымы** | **Электронды почтасы** |
| 1 | Даткаева Гульмира Махамбетовна | асс. профессор, кафедра меңгрушісі | dat.g@mail.ru |
| 2 | Мукашева Азиза Габитовна | ассистент | azizafeat@mail.ru |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **8.** | **Тақырыптық жоспар** | | | | | |
| **Апта/күн** | **Тақырып атауы** | **Пәннің қысқаша мазмұны** | **Пәннің ОН** | **Сағат саны** | **Оқыту технологиясының формасы/ әдістері** | **Бағалау әдістері/ формалары** |
| 1 | **Дәріс**<br>Тақырыбы: Дерматовенерология негіздері. Тері бөртпелерінің морфологиялық элементтері. | Дерматовенерология клиникалық пән ретінде. Тері мен ауыз қуысы шырышты қабығының құрылысы және қызметі. Тері бөртпесінің біріншілік және екіншілік морфологиялық элементтері және олардың диагностикалық маңызы. | ОН 1<br>ОН 2 | 1 | Кіріспе | Кері байланыс (сұрақ-жауап) |
| | **Тәжірибелік сабақ** | Тері және шырышты қабықтың | ОН 1<br>ОН 2 | 3 | Білім алушылармен | Ауызша сұрау, тестілеу және |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | Тақырыбы: Терінің анатомиясы және патогистологиясы. Біріншілік және екіншілік морфологиялық элементтер. | құрылысы. Тері және шырышты қабықтардың физиологиялық және патогистологиялық үдерістері. Тері бөртпесінің біріншілік, екіншілік морфологиялық элементтері. | ОН 3 | | жеке жұмыс, CBL, бейнелер бойынша терінің морфологиялық элементтері мен патогистологиялық өзгерістерін талдау, шағын топтарда жұмыс (TBL). | клиникалық жағдайларды талдау. |
| | **ОБӨЖ/БӨЖ** Тері мен ауыз қуысы шырышты қабығы зақымданулар ының клинико-морфологиялық талдауы. | Тері мен ауыз қуысы шырышты қабығының микро- және макродеңгейдегі құрылысы туралы заманауи түсініктер. Тері бөртпесінің біріншілік және екіншілік элементтерінің клинико-морфологиялық сипаттамасы. Клиникалық бейнелер негізінде морфологиялық өзгерістерді интерпретациялау. Тері және шырышты қабық зақымдануларын сипаттау алгоритмін қалыптастыру және олардың дифференциалды диагностикасы. | ОН 2<br>ОН 3 | 1/8 | Тері және шырышты қабық зақымдануларының клиникалық бейнелерін талдау. Клиникалық бейнелер негізінде морфологиялық өзгерістерді интерпретациялау. | Ауызша сұрау |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 2 | **Дәріс** Тақырыбы: Пиодермиялар. Вирустық дерматоздар. | Пиодермиялар мен вирустық дерматоздардың этиологиясы және патогенезі. Стафилодермиялар, стрептодермиялар, қарапайым герпес және белдеулік теміреткінің клиникалық түрлері. Тері мен ауыз қуысы шырышты қабығының зақымдану ерекшеліктері. Диагностика, дифференциалды диагностика, емдеу және алдын алу қағидаттары. | ОН 1<br>ОН 2 | 1 | Тақырыптық | Кері байланыс (сұрақ-жауап) |
| | **Тәжірибелік сабақ** Тақырыбы: Пиодермиялар. Вирустық дерматоздар (жәй герпес және белдеме теміреткі). | Терінің іріңді аурулары мен вирустық дерматоздардың этиологиясы мен патогенезі. Стафилодермиялар, стрептодермиялар және вирустық дерматоздардың клиникалық көріністері. Пиодермиялардың және вирустық дерматоздардың диагностикасы және емі. | ОН 1<br>ОН 2<br>ОН 3 | 3 | Білім алушылармен жеке жұмыс, CBL,клиникалық бейнелерді талдау, шағын топтарда жұмыс (TBL). | Ауызша сұрау, тестілеу және клиникалық жағдайларды талдау. |
| | **ОБӨЖ/БӨЖ** Пиодермиялар мен вирустық дерматоздардың диагностикасы және емдеудің заманауи аспектілері. | Пиодермиялар мен герпесвирус инфекциясының патогенезі туралы заманауи түсініктер. Іріңді және вирустық дерматоздардың асқынулары. Госпитализацияға көрсеткіштер. Қазақстан Республикасының | ОН 2<br>ОН 3 | 2/7 | Клиникалық жағдайларды талдау, клиникалық хаттамаларды сараптау, тақырыптық презентацияларды дайындау | Клиникалық жағдайларды талдау, тақырыптық презентацияны қорғау. |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | клиникалық хаттамаларын талдау және емдеу тактикасын таңдауды негіздеу. | | | | |
| 3 | **Дәріс**<br>Тақырыбы: Қызыл жалпақ теміреткі. Псориаз. | Қызыл жалпақ теміреткі мен псориаздың этиологиясы, патогенезі және клиникалық түрлері. Тері мен ауыз қуысы шырышты қабығының зақымдалу ерекшеліктері. Диагностикасы, дифференциалды диагностикасы және заманауи емдеу қағидаттары. | ОН 1<br>ОН 2 | 1 | Тақырыптық | Кері байланыс (сұрақ-жауап) |
| | **Тәжірибелік сабақ**<br>Қызыл жалпақ теміреткі. Псориаз. | Қызыл жалпақ теміреткі мен псориаздың дамуына әкелетін этиологиялық факторлар. Қызыл жалпақ теміреткі мен псориаздың патогенетикалық даму механизмдері. Қызыл жалпақ теміреткі мен псориаз кезіндегі тері мен шырышты қабықтардағы клиникалық өзгерістер. Қызыл жалпақ теміреткі және псориазы бар пациенттерді жүргізу тактикасы мен емдеу тәсілдері. | ОН 1<br>ОН 2<br>ОН 3 | 4 | Білім алушылармен жеке жұмыс, CBL, клиникалық бейнелерді талдау, шағын топтарда жұмыс (TBL). | Ауызша сұрау, тестілеу және клиникалық жағдайларды талдау. |
| | **ОБӨЖ/БӨЖ**<br>Қызыл жалпақ теміреткі мен псориаздың иммунопатогенезі мен терапиясының | Қызыл жалпақ теміреткі мен псориаздың дамуының иммунологиялық механизмдері. Аутоиммундық және триггерлік | ОН 2<br>ОН 3 | 1/7 | Клиникалық жағдайларды талдау, клиникалық хаттамаларды сараптау, тақырыптық презентациялар | Клиникалық жағдайларды талдау және презентацияларды қорғау. |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | заманауи аспектілері. | факторлардың рөлі. Ауыз қуысы шырышты қабығының зақымдалуының клиникалық нұсқалары. Басқа дерматоздармен дифференциалды диагностикасы. Қазақстан Республикасының клиникалық хаттамаларын ескере отырып, жүйелік және жергілікті терапияның заманауи әдістері. | | | ды дайындау және ұсыну. | |
| 4 | **Дәріс** Тақырыбы: Хейлиттер. Есекжем. | Хейлиттер мен есекжемнің этиологиясы, патогенезі және клиникалық түрлері. Ауыз қуысы шырышты қабығының зақымдану ерекшеліктері. Диагностика, дифференциалды диагностика және заманауи емдеу қағидаттары. | ОН 1 ОН 2 | 1 | Тақырыптық | Кері байланыс (сұрақ-жауап) |
| | **Тәжірибелік сабақ** Тақырыбы: Хейлиттер. Есекжем. | Хейлиттер мен есекжемнің дамуына әкелетін этиологиялық факторлар. Хейлиттер мен есекжемнің дамуындағы патогенетикалық механизмдер. Хейлит және есекжеммен ауыратын науқастардағы тері мен шырышты қабықтардағы | ОН 1 ОН 2 ОН 3 | 3 | Білім алушылармен жеке жұмыс, CBL, клиникалық бейнелерді талдау, шағын топтарда жұмыс (TBL). | Ауызша сұрау, тестілеу және клиникалық жағдайларды талдау. |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | клиникалық көріністер. Хейлит және есекжеммен ауыратын науқастарды емдеу тактикасы. | | | | |
| | **ОБӨЖ/БӨЖ** Хейлиттер мен есекжемнің дифференциалды диагностикасы және емдеудің заманауи тәсілдері. | Хейлиттер мен есекжемнің дамуындағы патогенетикалық механизмдер туралы заманауи түсініктер. Аурудың аллергиялық және аллергиялық емес түрлері. Еріндер мен ауыз қуысы шырышты қабығы зақымдануларының дифференциалды диагностикасы. Аллергиялық реакциялар анықталған кезде дәрігер-стоматологтың тактикасы. Клиникалық хаттамаларды талдау және емді таңдауды негіздеу. | ОН 2<br>ОН 3 | 1/8 | Клиникалық жағдайларды талдау, клиникалық хаттамаларды сараптау, тақырыптық презентацияларды дайындау және ұсыну. | Клиникалық жағдайларды талдау және презентацияларды қорғау. |
| | **Аралық бақылау №1.** | | | | Ауызша, ситуациялық есептерді шешу,зертханалық және аспаптық зерттеу әдістерінің нәтижелерін интерпретациялау (билеттер бойынша). | |
| 5 | **Тәжірибелік сабақ** Тақырыбы: Акантолитикалық пемфигус. | Пемфигустың этиологиясы және дамуының аутоиммундық механизмдері. Аурудың жіктелуі. Терінің және ауыз | ОН 1<br>ОН 2<br>ОН 3 | 3 | Білім алушылармен жеке жұмыс, CBL, клиникалық бейнелерді талдау, шағын | Ауызша сұрау, тестілеу және клиникалық жағдайларды талдау. |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | қуысы шырышты қабығының зақымдану ерекшеліктері мен клиникалық түрлері. Никольский симптомы. Зертханалық және иммунологиялық диагностика әдістері. Басқа күлдіреуікті дерматоздармен дифференциалды диагностикасы. Жүйелік және жергілікті емдеу қағидаттары. | | | топтарда жұмыс (TBL). | |
| | **ОБӨЖ/БӨЖ** Пемфигустың иммунопатогенезі және емдеудің заманауи тәсілдері. | Пемфигустың дамуының аутоиммундық механизмдері. Ауыз қуысы шырышты қабығының зақымдану ерекшеліктері. Иммунологиялық диагностиканың заманауи әдістері. Күлдіреуікті дерматоздардың дифференциалды диагностикасы. Жүйелі иммуносупрессивті емдеу қағидаттары және асқынулардың алдын алу. | ОН 2<br>ОН 3 | 2/7 | Клиникалық жағдайларды талдау, клиникалық хаттамаларды сараптау, тақырыптық презентацияларды дайындау және ұсыну. | Клиникалық жағдайларды талдау және презентацияларды қорғау. |
| 6 | **Дәріс** Тақырыбы: Токсикодермия. Көп түрлі экссудативті эритема. | Токсикодермия мен көптүрлі экссудативті эритеманың этиологиясы мен патогенезі. Аурулардың дамуының дәрілік, инфекциялық және иммундық механизмдері. Терінің және ауыз қуысы шырышты | ОН 1<br>ОН 2 | 1 | Тақырыптық | Кері байланыс (сұрақ-жауап) |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | қабығының зақымдану ерекшеліктері мен клиникалық түрлері. Диагностикалық критерийлері және дифференциалды диагностикасы. Емдеу қағидаттары, ауыр түрлерінде жедел көмек көрсету, асқынулардың алдын алу. | | | | |
| | **Тәжірибелік сабақ** Тақырыбы: Токсикодермия. Көп түрлі экссудативті эритема. | Токсикодермия мен көптүрлі экссудативті эритеманың дамуына әкелетін этиологиялық факторлар. Токсикодермия мен көптүрлі экссудативті эритеманың патогенетикалық даму механизмдері. Тері мен шырышты қабықтардағы клиникалық көріністері. Токсикодермия мен көптүрлі экссудативті эритемамен ауыратын науқастарды емдеу тактикасы. | ОН 1<br>ОН 2<br>ОН 3 | 4 | Білім алушылармен жеке жұмыс, CBL, клиникалық бейнелерді талдау, шағын топтарда жұмыс (TBL). | Ауызша сұрау, тестілеу және клиникалық жағдайларды талдау. |
| | **ОБӨЖ/БӨЖ** Токсикодермия мен көптүрлі экссудативті эритемадағы иммунологиялық механизмдер және науқастарды жүргізу тактикасы. | Дәрілік және инфекциялық-аллергиялық реакциялардың иммунопатогенезі. Токсикодермияның дамуына дәрілердің рөлі. Күлдіреуікті және аллергиялық дерматоздармен дифференциалды диагностика. Жедел | ОН 2<br>ОН 3 | 1/7 | Клиникалық жағдайларды талдау, клиникалық хаттамаларды сараптау, тақырыптық презентацияларды дайындау және ұсыну. | Клиникалық жағдайларды талдау және презентацияларды қорғау. |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | токсико-аллергиялық реакциялар анықталған кезде дәрігер стоматологтың іс-қимыл алгоритмі. Клиникалық хаттамалар мен жедел көмек қағидаттарын талдау. | | | | |
| 7 | **Дәріс** Тақырыбы: Мерез. | Мерездің клиникалық түрлері мен кезеңдері. Терінің және ауыз қуысы шырышты қабығының зақымданулары. Диагностика әдістері, дифференциалды диагностика және емдеудің заманауи қағидаттары. | ОН 1<br>ОН 2 | 1 | Тақырыптық | Кері байланыс (сұрақ-жауап) |
| | **Тәжірибелік сабақ** Тақырыбы: Мерез: эпидемиологиясы, жалпы ағымы. Мерездің жіктелуі. | Мерездің этиологиясы, эпидемиологиясы және патогенезі. Мерездің жалпы ағымының ерекшеліктері. Мерездің жіктелуі. Аурудың әр кезеңінде ауыз қуысы шырышты қабығының зақымдану клиникалық ерекшеліктері. Мерезбен ауыратын науқастарды клиникалық-лабораторлық диагностикалау. Емдеу қағидаттары. | ОН 1<br>ОН 2<br>ОН 3 | 4 | Білім алушылармен жеке жұмыс, CBL, клиникалық бейнелерді талдау, шағын топтарда жұмыс (TBL). | Ауызша сұрау, тестілеу және клиникалық жағдайларды талдау. |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | **ОБӨЖ/БӨЖ** Мерездің клиникалық ерекшеліктері және дәрігер-стоматолог тәжірибесіндегі диагностикалық алгоритмдер. | Мерездің патогенезі туралы заманауи түсініктер. Серологиялық диагностикалық әдістерді интерпретациялау. Сифилиттік зақымдануларды басқа дерматоздар мен ауыз қуысы ауруларымен дифференциалды диагностикалау. Қазақстан Республикасының клиникалық хаттамаларына сәйкес емдеу, алдын алу және диспансерлік бақылау қағидаттары. | ОН 2<br>ОН 3 | 1/7 | Клиникалық жағдайларды талдау, клиникалық хаттамаларды сараптау, тақырыптық презентацияларды дайындау және ұсыну. | Клиникалық жағдайларды талдау және презентацияларды қорғау. |
| | **Аралық бақылау №2.** | | | | Ауызша, ситуациялық есептерді шешу, зертханалық және аспаптық зерттеу әдістерінің нәтижелерін интерпретациялау (билеттер бойынша). | |

| | | |
|---|---|---|
| **9.** | **Оқыту және бағалау әдістері** | |
| 9.1 | Дәріс | Кіріспе және тақырыптық. Кері байланыс (сұрақ-жауап) |
| 9.2 | Тәжірибелік сабақ | Білім алушылармен жеке жұмыс, ауызша сұрау, тестілеу, CBL, клиникалық бейнелерді талдау, шағын топтарда жұмыс (TBL). |
| 9.3 | ОБӨЖ/БӨЖ | Клиникалық жағдайларды талдау, клиникалық хаттамаларды зерттеу, тақырыптық презентациялар дайындау және қорғау. |
| 9.4 | Аралық бақылау | Ауызша, ситуациялық есептерді шешу, зертханалық және аспаптық зерттеу әдістерінің нәтижелерін интерпретациялау (билеттер бойынша). |
| **10.** | **Бағалау критерийлері** | |
| **10.1** | **Пәннің оқыту нәтижелерін бағалау критерийлері** | |

| ОН № | Оқыту нәтижелері | Қанағатта-нарлықсыз | Қанағаттанарлық | Жақсы | Өте жақсы |
|---|---|---|---|---|---|

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| ОН 1 | Науқастың жалпы жағдайын бағалау, оның ауыз қуысы мен жақ-бет аймағында басым локализациясы бар кең таралған тері аурулары мен жыныстық жолмен берілетін инфекциялардың белгілері мен синдромдарын анықтау, диагностикалық, профилактикалық және емдеу шараларын жоспарлауға пациентке бағытталған тәсілді қамтамасыз ету үшін клиникалық ғылымдардың негіздерін білуді қолдану. | Білім алушы клиникалық ғылымдардың негіздерін білмейді, науқастың жалпы жағдайын бағалай алмайды, тері аурулары мен жыныстық жолмен берілетін инфекциялардың негізгі симптомдары мен синдромдарын танымайды, диагностикалық, алдын алу және емдік шараларды негіздеп, жоспарлай алмайды. | Білім алушы клиникалық ғылымдардың негіздерін шектелген деңгейде меңгерген, оқытушының көмегімен науқастың жалпы жағдайын бағалайды, тері аурулары мен жыныстық жолмен берілетін инфекциялардың симптомдары мен синдромдарын ішінара таниды, диагностикалық, алдын алу және емдік шараларды жоспарлауда қиындықтар кездеседі. | Білім алушы клиникалық ғылымдардың негіздерін жеткілікті деңгейде меңгерген, науқастың жалпы жағдайын тәуелсіз бағалайды, тері аурулары мен жыныстық жолмен берілетін инфекциялардың негізгі симптомдары мен синдромдарын дұрыс анықтайды, диагностикалық, алдын алу және емдік шараларды негіздеп жоспарлайды, науқасқа бағдарланған тәсілді сақтайды. | Білім алушы клиникалық ғылымдардың негіздерін терең және жүйелі меңгерген, науқастың жалпы жағдайын сенімді және тәуелсіз бағалайды, тері аурулары мен жыныстық жолмен берілетін инфекциялардың симптомдары мен синдромдарын дәл интерпретациялайды, диагностикалық, алдын алу және емдік шараларды аргументтелген және кешенді түрде жоспарлайды, науқасқа бағдарланған тәсілді толық сақтайды. |
| ОН 2 | Өмірге қауіп төндіретін жағдайлардың немесе қауіпті аурулардың белгілерін анықтаған кезде жедел көмек көрсету; бейінді маманға уақтылы жіберу; кез келген жастағы науқасты ауруханаға жатқызу. | Білім алушы өмірге қауіпті жағдайлар мен қауіпті аурулардың белгілерін танымайды, жедел көмек көрсету алгоритмдерін білмейді, науқасты уақтылы мамандандырылған дәрігерге бағыттау немесе госпитализация жасау шешімін қабылдай | Білім алушы өмірге қауіпті жағдайлар мен қауіпті аурулардың белгілерін ішінара таниды, жедел көмек көрсетуді тек оқытушының көмегімен ғана орындай алады, науқасты жүргізу тактикасын таңдау және мамандандырылған дәрігерге бағыттау немесе госпитализация жасау шешімін қабылдауда қиындықтарға тап болады. | Білім алушы өмірге қауіпті жағдайлар мен қауіпті аурулардың негізгі белгілерін дұрыс таниды, типтік жағдайларда тәуелсіз түрде жедел көмек көрсетеді, науқасты мамандандырылған дәрігерге бағыттау немесе госпитализация жасау шешімін негізінен дұрыс | Білім алушы өмірге қауіпті жағдайлар мен қауіпті аурулардың белгілерін сенімді және уақытылы таниды, жедел көмекті сауатты және тәуелсіз көрсетеді, шұғыл әрекет ету алгоритмдерін нақты сақтайды, науқасты мамандандырылған дәрігерге бағыттау немесе |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | алмайды. | | қабылдайды, аздаған қателіктер жіберуі мүмкін. | госпитализация жасау шешімін негіздеп қабылдайды. |
| ОН 3 | Өмір бойы өзін-өзі тұрақты бағалау және оқыту негізінде үздіксіз тұлғалық және кәсіби өсуді қолдау, медициналық қызмет көрсету сапасын үнемі жақсарту үшін қажетті қасиеттерді көрсету. | Білім алушы жеке және кәсіби өсуге ұмтылыс көрсетпейді, оқу және практикалық қызметін өзіндік бағалай алмайды, тәуелсіз оқуға және медициналық қызмет сапасын арттыруға қызығушылық танытпайды. | Білім алушы жеке және кәсіби өсуге кейде ұмтылыс көрсетеді, өзінің қызметін оқытушының көмегімен бағалайды, оқу іс-шараларына жүйесіз қатысады, өмір бойы оқудың қажет екенін түсінеді. | Білім алушы жеке және кәсіби өсуге тұрақты мотивация көрсетеді, оқу және практикалық қызметін жүйелі түрде өзіндік бағалайды, кәсіби білім мен дағдыларын кеңейтуге ұмтылады, жалпы медициналық қызмет сапасын арттыруға бағытталған. | Білім алушы жеке және кәсіби өсуге жоғары мотивацияны біртіндеп көрсетеді, өзінің қызметін жүйелі түрде өзіндік бағалайды және талдайды, оқу және кәсіби іс-шараларға белсенді қатысады, өмір бойы оқудың қағидаттарын саналы түрде жүзеге асырады. медициналық қызмет сапасын тұрақты түрде арттыруға ұмтылады. |

**10.2 Бағалау әдістері және критерийлері**

**Тәжірибелік сабаққа арналған тексеру парағы**

**Ауызша сұрауды бағалау критерийлерінің чек-парағы**

| Бақылау түрі | Баға | Бағалау критерийлері |
|---|---|---|
| **Ауызша сұрау** | Өте жақсы<br>Бағаға сәйкес:<br>А (4,0; 95-100%)<br>А- (3,67; 90-94%) | - Білім алушы жауап беру кезінде ешқандай қателік жіберген жоқ.<br>- Білім алушы оқытылатын пәннің теориясына, тұжырымдамалары мен бағыттарына сүйене отырып, оларға сыни баға берді.<br>- Білім алушы басқа пәндердің ғылыми жетістіктерін қолданды. |
| | Жақсы<br>Бағаға сәйкес:<br>В+ ( 3,33; 85-89%)<br>В (3,0; 80-84%)<br>В- (2,67; 75-79%)<br>С+ (2,33; 70-74%) | - Білім алушы жауап беру кезінде елеулі қателіктер жіберген жоқ.<br>- Білім алушы жекелеген дәлсіздіктер мен маңызды емес қателіктер жіберді, оларды өз бетінше түзетті.<br>- Білім алушы оқытушының көмегімен бағдарламалық материалды жүйеледі. |
| | Қанағаттанарлық<br>Бағаға сәйкес:<br>С (2,0; 65-69%)<br>С- (1,67; 60-64%)<br>D+ (1,33; 55-59%) | - Білім алушы жауап беру кезінде маңызды қателіктер жіберді.<br>- Білім алушы тек оқытушы ұсынған оқу әдебиеттерімен ғана шектелді. |

skma.edu.kz

| | | |
|---|---|---|
| | D- (1,0; 50-54%) | - Білім алушы материалды жүйелеуде елеулі қиындықтарға тап болды. |
| | Қанағаттанарлықсыз<br>Бағаға сәйкес:<br>FX (0; 0 - 49%)<br>F(0; 0 - 24%) | - Білім алушы жауап беру кезінде елеулі қателіктер жіберді.<br>- Білім алушы сабақ тақырыбы бойынша негізгі әдебиетті меңгермеген.<br>- Білім алушы пәннің ғылыми терминологиясын қолдана алмады. |
| **Тесттік тапсырмаларды орындаудың чек-парағы** | | |
| *Тестілеу білімді бағалаудың көпбалдық жүйесі арқылы бағаланады.* | | |
| **ОБӨЖ/БӨЖ-ге арналған тексеру парағы** | | |
| **Клиникалық жағдайларды талдаудың чек-парағы** | | |
| **Бақылау түрі** | **Баға** | **Бағалау критерийлері** |
| **Клиникалық жағдайларды талдау** | Өте жақсы<br>Бағаға сәйкес:<br>A (4,0; 95-100%)<br>A- (3,67; 90-94%) | - Білім алушы ойлау деңгейінің жоғары екенін көрсетті.<br>- Білім алушы клиникалық жағдайларды шешуге белсенді қатысты.<br>- Білім алушы материал бойынша терең білімін көрсетті.<br>- Білім алушы талқылау барысында басқа пәндердің ғылыми жетістіктерін қолданды. |
| | Жақсы<br>Бағаға сәйкес:<br>B+ ( 3,33; 85-89%)<br>B (3,0; 80-84%)<br>B- (2,67; 75-79%)<br>C+ (2,33; 70-74%) | - Білім алушы клиникалық жағдайларды шешуге белсенді қатысты.<br>- Білім алушы материал бойынша терең білімін көрсетті.<br>- Білім алушы жіберілген маңызды емес қателіктер мен дәлсіздіктерді өз бетінше анықтап, түзетті. |
| | Қанағаттанарлық<br>Бағаға сәйкес:<br>C (2,0; 65-69%)<br>C- ( 1,67; 60-64%)<br>D+ (1,33; 55-59%)<br>D- (1,0; 50-54%) | - Білім алушы клиникалық жағдайларды шешуге белсенділік көрсетпеді.<br>- Білім алушы материалды жүйелеуде қиындықтарға тап болды.<br>- Білім алушы дәлсіздіктер мен маңызды қателіктер жіберді. |
| | Қанағаттанарлықсыз<br>Бағаға сәйкес:<br>FX (0; 0 - 49%)<br>F(0; 0 - 24%) | - Білім алушы клиникалық жағдайларды шешуге қатыспады.<br>- Білім алушы оқытушы сұрақтарына жауап беру кезінде маңызды қателіктер мен дәлсіздіктер жіберді.<br>- Білім алушы ғылыми терминологияны қолданбады. |
| **Презентацияларды қорғауға арналған чек-парақ** | | |
| **Бақылау түрі** | **Баға** | **Бағалау критерийлері** |
| **Презентацияны қорғау** | Өте жақсы<br>Бағаға сәйкес:<br>A (4,0; 95-100%)<br>A- (3,67; 90-94%) | - Білім алушы материалды меңгерудің жоғары деңгейін көрсетті.<br>- Презентация айқын логикалық құрылымға ие (маңыздығы, мақсаты, міндеттері, негізгі бөлігі, қорытындылар).<br>- Материал сауатты берілген, заманауи ғылыми терминология қолданылған.<br>- Актуалды әдебиеттер көздері көрсетілген.<br>- Баяндамашы сұрақтарға сенімді жауап береді, өз позициясын дәлелдейді.<br>-Слайдтар дұрыс, ақпаратқа бай, мәтінмен артық жүктелмеген түрде жасалған. |

| | | |
|---|---|---|
| | Жақсы<br>Бағаға сәйкес:<br>B+ ( 3,33; 85-89%)<br>B (3,0; 80-84%)<br>B- (2,67; 75-79%)<br>C+ (2,33; 70-74%) | - Материал толық ашылған, бірақ аздаған дәлсіздіктер бар.<br>- Презентацияның құрылымы негізінен логикалық.<br>- Ғылыми терминология қолданылған, бірақ кейбір дәлсіздіктер кездеседі.<br>- Білім алушының сұрақтарға жауаптары негізінен дұрыс, бірақ әрдайым толық емес.<br>- Слайдтарды жасау кезінде маңызды емес кемшіліктер бар.<br>- Актуалды әдебиеттер көздері көрсетілген. |
| | Қанағаттанарлық<br>Бағаға сәйкес:<br>C (2,0; 65-69%)<br>C- ( 1,67; 60-64%)<br>D+ (1,33; 55-59%)<br>D- (1,0; 50-54%) | - Материал беттік түрде ашылған.<br>- Түсіндіру логикасы бұзылған, нақты қорытындылар жоқ.<br>- Терминологияда маңызды қателіктер немесе дәлсіздіктер бар.<br>- Білім алушы сұрақтарға жауап беру кезінде қиындықтарға тап болады.<br>- Презентация мәтінмен артық жүктелген немесе құрылымсыз жасалған.<br>- Сенімсіз әдебиеттер көздері көрсетілген. |
| | Қанағаттанарлықсыз<br>Бағаға сәйкес:<br>FX (0; 0 - 49%)<br>F(0; 0 - 24%) | - Тақырып ашылмаған.<br>- Презентацияда логикалық құрылым жоқ.<br>- Деректерде ауыр қателіктер бар.<br>- Білім алушы материалды меңгермеген, сұрақтарға жауап бере алмайды.<br>- Әдебиеттер тізімі жоқ немесе сенімсіз көздер қолданылған. |
| **Аралық аттестаттауға арналған тексеру парағы (ауызша)** | | |
| **Бақылау түрі** | **Баға** | **Бағалау критерийлері** |
| **Ауызша сұрау** | Өте жақсы<br>Бағаға сәйкес:<br>A (4,0; 95-100%)<br>A- ( 3,67; 90-94%) | - Білім алушы сұраққа нақты және толық жауап берді.<br>- Білім алушы оқытылатын пәннің теориясын, тұжырымдамаларын және бағыттарын толық меңгерген.<br>- Білім алушы сыни бағалау қабілетіне ие.<br>- Білім алушы басқа пәндердің ғылыми жетістіктерін қолданады. |
| | Жақсы<br>Бағаға сәйкес:<br>B+ ( 3,33; 85-89%)<br>B (3,0; 80-84%)<br>B- (2,67; 75-79%)<br>C+ (2,33; 70-74%) | - Білім алушы сұраққа нақты және толық жауап берді.<br>- Білім алушы оқытылатын пәннің теориясын, тұжырымдамаларын және бағыттарын толық меңгермеген.<br>- Білім алушы сыни бағалау кезінде қателіктер жіберді.<br>- Білім алушы басқа пәндердің ғылыми жетістіктерін толық пайдаланбаған. |
| | Қанағаттанарлық<br>Бағаға сәйкес:<br>C (2,0; 65-69%)<br>C- ( 1,67; 60-64%)<br>D+ (1,33; 55-59%)<br>D- (1,0; 50-54%) | - Білім алушы сұраққа нақты және толық жауап бермеді.<br>- Білім алушы оқытылатын пәннің теориясын, тұжырымдамаларын және бағыттарын толық меңгерген.<br>- Білім алушы сыни бағалау кезінде қателіктер жіберді.<br>- Білім алушы басқа пәндердің ғылыми жетістіктерін толық пайдаланбаған. |
| | Қанағаттанарлықсыз<br>Бағаға сәйкес:<br>FX (0; 0 - 49%)<br>F(0; 0 - 24%) | - Білім алушы сұраққа дұрыс жауап бермеді.<br>- Білім алушы оқытылатын пәннің теориясын, тұжырымдамаларын және бағыттарын меңгермеген.<br>- Білім алушы сыни бағалау қабілетіне ие емес. |

| | | |
|---|---|---|
| | | - Білім алушы басқа пәндердің ғылыми жетістіктерін қолдана алмайды. |
| **Ситуациялық есептерді шешу:** | Өте жақсы<br>Бағаға сәйкес:<br>A (4,0; 95-100%)<br>A- ( 3,67; 90-94%) | - Білім алушы ситуациялық тапсырманы шешу кезінде ешқандай қателік немесе дәлсіздік жібермеді.<br>- Білім алушы пациентке қатысты мәселені терең түсінді.<br>- Білім алушы оған сыни баға бере алды.<br>- Білім алушы диагностикалық және емдеу-профилактикалық жоспарды дұрыс құрды.<br>- Білім алушы пациентті әрі қарай бақылау тактикасын дұрыс анықтады.<br>- Білім алушы коммуникативтік дағдыларды меңгерген.<br>- Білім алушы осы мәселе бойынша ғылыми жетістіктер мен клиникалық хаттамаларды қолданды. |
| | Жақсы<br>Бағаға сәйкес:<br>B+ ( 3,33; 85-89%)<br>B (3,0; 80-84%)<br>B- (2,67; 75-79%)<br>C+ (2,33; 70-74%) | - Білім алушы ситуациялық тапсырманы шешу кезінде дәлсіздіктер жіберді.<br>- Білім алушы пациентке қатысты мәселені жалпы түсінді.<br>- Білім алушы оған толық сыни баға бере алмады.<br>- Білім алушы диагностикалық және емдеу-профилактикалық жоспарларды толық көлемде құрастырмады.<br>- Білім алушы пациентті әрі қарай бақылау тактикасын дұрыс анықтады.<br>- Білім алушы коммуникативтік дағдыларды меңгерген.<br>- Білім алушы осы мәселе бойынша ғылыми жетістіктер мен клиникалық хаттамаларды толық қолданбады. |
| | Қанағаттанарлық<br>Бағаға сәйкес:<br>C (2,0; 65-69%)<br>C- ( 1,67; 60-64%)<br>D+ (1,33; 55-59%)<br>D- (1,0; 50-54%) | - Білім алушы ситуациялық тапсырманы шешу кезінде дәлсіздіктер жіберді.<br>- Білім алушы пациентке қатысты мәселені толық түсінбеді.<br>- Білім алушы оған толыққанды сыни баға бере алмады.<br>- Білім алушы диагностикалық және емдеу-профилактикалық жоспарларды толық көлемде әзірлемеді.<br>- Білім алушы пациентті әрі қарай бақылау тактикасын дұрыс анықтамады.<br>- Білім алушы коммуникативтік дағдыларды жеткіліксіз меңгерген.<br>- Білім алушы осы мәселе бойынша ғылыми жетістіктер мен клиникалық хаттамаларды толық қолданбады. |
| | Қанағаттанарлықсыз<br>Бағаға сәйкес:<br>FX (0; 0 - 49%)<br>F(0; 0 - 24%) | - Білім алушы ситуациялық тапсырманы шеше алмады.<br>- Білім алушы пациентке қатысты мәселені түсінбеді. |
| **Зертханалық және аспаптық зерттеу әдістерінің нәтижелерін интерпретациялау** | Өте жақсы<br>Бағаға сәйкес:<br>A (4,0; 95-100%)<br>A- ( 3,67; 90-94%) | - Білім алушы әрбір көрсеткішті жүйелі және нақты сипаттады.<br>- Білім алушы зертханалық көрсеткіштердегі өзгерістерді дұрыс талдады.<br>- Білім алушы олардың клиникалық маңызын дұрыс анықтады.<br>- Білім алушы өз қорытындысын толық негіздеді. |
| | Жақсы<br>Бағаға сәйкес: | - Білім алушы әрбір көрсеткішті жүйелі және нақты сипаттады. |

| | | |
|---|---|---|
| | B+ ( 3,33; 85-89%)<br>B (3,0; 80-84%)<br>B- (2,67; 75-79%)<br>C+ (2,33; 70-74%) | - Білім алушы зертханалық көрсеткіштерді талдау кезінде дәлсіздіктер жіберді.<br>- Білім алушы олардың клиникалық маңызын анықтауда дәлсіздіктер жіберді.<br>- Білім алушы өз қорытындысын толық негіздемеді. |
| | Қанағаттанарлық<br>Бағаға сәйкес:<br>C (2,0; 65-69%)<br>C- ( 1,67; 60-64%)<br>D+ (1,33; 55-59%)<br>D- (1,0; 50-54%) | - Білім алушы зертханалық көрсеткіштердегі өзгерістерді жүйелі және нақты сипаттай алмады.<br>- Білім алушы клиникалық маңызын анықтау кезінде көптеген дәлсіздіктер мен қателіктер жіберді.<br>- Білім алушы өз қорытындысын негіздей алмады. |
| | Қанағаттанарлықсыз<br>Бағаға сәйкес:<br>FX (0; 0 - 49%)<br>F(0; 0 - 24%) | -Білім алушы зертханалық көрсеткіштердегі өзгерістерді сипаттай алмады. |

**Білімді бағалаудың көпбалдық жүйесі**

| Әріптік жүйемен бағалау | Баллдардың сандық эквиваленті | Пайыздық мазмұны | Дәстүрлі жүйе бойынша бағалау |
|---|---|---|---|
| A | 4,0 | 95-100 | Өте жақсы |
| A - | 3,67 | 90-94 | |
| B + | 3,33 | 85-89 | Жақсы |
| B | 3,0 | 80-84 | |
| B - | 2,67 | 75-79 | |
| C + | 2,33 | 70-74 | |
| C | 2,0 | 65-69 | Қанағаттанарлық |
| C - | 1,67 | 60-64 | |
| D+ | 1,33 | 55-59 | |
| D- | 1,0 | 50-54 | |
| FX | 0,5 | 25-49 | Қанағаттанарлықсыз |
| F | 0 | 0-24 | |

**11. Оқу ресурстары**

| | |
|---|---|
| Электрондық ресурстар, соның ішінде, бірақ олармен шектелмейді: дерекқорлар, анимациялар тренажерлер, кәсіби блогтар, веб-сайттар, басқа электрондық анықтамалық материалдар (мысалы: бейне, аудио, дайджесттер) | 1. ЮКМА электрондық кітапханасы - https://e-lib.skma.edu.kz/genres<br>2. Республикалық университеттер арасындағы электрондық кітапхана – http://rmebrk.kz/<br>3. Сандық кітапхана «Aknurpress» - https://www.aknurpress.kz/<br>4. «Эпиграф» электрондық кітапханасы - http://www.elib.kz/<br>5. Эпиграф – мультимедиялық оқулықтар порталы https://mbook.kz/ru/index/<br>6. ЭБС IPR SMART https://www.iprbookshop.ru/auth<br>7. Ақпараттық-құқықтық жүйе «Зан» - https://zan.kz/ru<br>8. Medline Ultimate EBSCO - https://research.ebsco.com/<br>9. eBook Medical Collection EBSCO - https://research.ebsco.com/<br>10. Scopus - https://www.scopus.com/ |
| Электронды оқулықтар | 1. Дерматовенерология. Оқу құралы. 2-басылым. Ситкалиева Е.В. 2019 ж. https://www.iprbookshop.ru/epd-reader?publicationId=80980<br>2. Буллезді дерматоздар. Оқу құралы. Орлов Е.В., Пахомова Ю.М., Арсеньева А.А., Коннов П.Е. 2024 ж. https://www.iprbookshop.ru/epd-reader?publicationId=137298<br>3. Ауыз қуысы шырышты қабығының аурулары. Луцкая И.К. 2007 ж. https://www.iprbookshop.ru/epd-reader?publicationId=66746<br>4. Стационардағы жедел медициналық көмек: дерматовенерологиялық қатар жүретін патологиясы бар пациенттерді қабылдау кезінде жедел медициналық көмек көрсету алгоритмдері. Оқу-әдістемелік құрал. Багрецова И.А., |

| | |
|---|---|
| | Барсукова И.М., Пивоварова Л.П., Тявокина Е.Ю., Бумай А.О. 2019 ж. https://www.iprbookshop.ru/epd-reader?publicationId=120515<br>5. Medical Parasitology. Myandina G.I. 2013. https://www.iprbookshop.ru/epd-reader?publicationId=22193 |
| Әдебиет | **Негізгі:**<br>1. Мәсімқанова Т. М. Жұқпалы аурулар: оқу құралы. – Алматы: Эверо, 2013. – 204 б.<br>2. Дүйсенова А. Қ. Жұқпалы аурулар: оқу құралы. – Алматы: Эверо, 2014. – 424 б.<br>3. Алшинбаева Г. У. Эпидемиология негіздерімен инфекциялық аурулар: оқулық. – Астана: Ақнұр, 2014. – 364 б.<br>4. Чеботарёв В. В., Асхаков М. С. Дерматовенерология: оқулық. – РФ Білім және ғылым министрлігі ұсынған. – Мәскеу: ГЭОТАР-Медиа, 2016. – 680 б.<br>5. Дерматовенерология: оқу құралы / құраст. А. С. Дементьев. – Мәскеу: ГЭОТАР-Медиа, 2016. – 432 б.<br>6. Скрипкин Ю. К., Кубанова А. А., Акимов В. Г. Тері және венерологиялық аурулар: оқулық. – Қазақ тіліне ауд. және жауапты ред. Б. Түсіпқалиев. – Мәскеу: ГЭОТАР-Медиа, 2015. – 440 б.<br>7. Фтизиатрия: оқулық / В. Ю. Мишин және т.б. – 2-бас., өңделген және толықтырылған. – Мәскеу: ГЭОТАР-Медиа, 2016. – 520 б.<br>8. Перельман М. И., Корякин В. А. Фтизиатрия: жоғары медициналық оқу орындарының студенттеріне арналған оқулық. – Ауд. Т. Ә. Момынов. – Алматы: Эверо, 2014. – 460 б.<br>9. Бекембаева Г. С. Ересектер мен балалардағы туберкулездің дифференциалды диагностикасы және емі: оқу құралы. – Қарағанды: АҚНҰР.<br>10. Бекембаева Г. С., Жандарқұлов А. А. Ересектер мен балалар туберкулезінің дифференциалды диагностикасы мен емі: оқу құралы. – Қарағанды: АҚНҰР, 2016. – 184 б.<br>11. Ракишева А. С., Цогт Г. Фтизиатрия: оқулық. – Алматы, 2014. – 420 б.<br>**Қосымша:**<br>1. Әміреев С. Жұқпалы аурулар жағдайларының стандартты анықтамалары және іс-шаралар алгоритмдері. 1-т.: практикалық нұсқау. – 2-бас., толықт. – ҚР Денсаулық сақтау министрлігі. С. Ж. Асфендияров атындағы ҚазҰМУ. – Алматы: BRAND BOOK, 2014. – 624 б.<br>2. Әміреев С. Жұқпалы және паразитарлық аурулардың стандартты анықтамалары мен іс-шаралар алгоритмдері. 2-т.: практикалық нұсқаулық. – Алматы: Эверо, 2014. – 902 б.<br>3. Инфекциялық аурулар бойынша жағдайлардың стандартты анықтамалары және іс-шаралар алгоритмдері. 1-т.: практикалық нұсқаулық / С. А. Әміреев және т.б. – 2-бас., толықт. – Алматы: BRAND BOOK, 2014. – 632 б.<br>4. Балалардағы инфекциялық аурулар (диагностика, эпидемияға қарсы іс-шаралар): оқу-әдістемелік құрал / ред. Г. Г. Куттыкожанова. – Алматы: ЭСПИ, 2021. – 156 б.<br>5. Басыбеков С. Ж. Туберкулез және микобактериоздар зооантропоноздар ретінде (эпизоотология, эпидемиология, диагностика және алдын алу): монография. – Алматы: New book, 2022. – 362 б.<br>6. Дерматологияның клиникалық атлас-дәрістері: атлас / Т. А. Муминов және т.б. – Алматы, 2013. – 243 б.<br>7. Дерматовенерология бойынша атлас: оқу-көрнекі құрал / Г. Р. Батпенова және т.б. – Алматы: Эверо, 2016. – 372 б. |

| | |
|---|---|
| **12.** | **Пән саясаты** |

Білім алушыларға қойылатын талаптар, сабаққа қатысу, мінез-құлық, бағалау саясаты, айыппұлдар, ынталандыру шаралары және т. б.

1.Сабаққа форма (халат, қалпақ) кию.
2.Ұқыпты және міндетті болу.
3.Практикалық сабақтар мен ОБӨЖ сабақтарына қатысу міндетті болып табылады.
4.Оқу процесіне белсенді қатысу.
5.Сабақтан қалған білім алушыға (декан өкілімен босатылмаған жағдайда) «ж» белгісі қойылады, себепсіз қалған сабақтарға өтем жасалмайды, электрондық журналға «ж» белгісі қойылған клетка жанындағы клеткаға емтиханға 2 күн қалғанда «0» бағасы қойылады.
6.Себеппен қалған сабақтарға дәлелдеуші құжаттар болса өтем жасалады. Білім алушы анықтаманы деканатқа алған уақытынан есептегенде 5 жұмыс күні ішінде өткізуі қажет және декан атына өтем жасау мерзімі көрсетілген өтем қағазын алу үшін өтініш жазады, өтем қағазы деканат берген мерзімнен бастап 30 күнге жарамды.
7.Өтем жасап алған бағасы электронды журналдағы «ж» белгісі қойылған клетка жанындағы клеткаға қойылады.
8.Сабақтан қалу себебін дәлелдейтін құжат болмаған немесе құжат деканатқа 5 күннен кеш өткізілсе себепсіз болып есептеледі. Сабақтан декан өкілімен босатылған білім алушыға «ж» белгісі қойылмайды, үлгерімі бойынша орташа бағасы қойылады, аралық бақылауға өтем жасайды.
9.Әр білім алушы БӨЖ тапсырмаларының барлық түрлерін жекешеленген және коллективті түрлерін орындап, кесте бойынша тапсыруы керек.
10.Әрбір практикалық сабақ пен БӨЖ үшін барлық білім алушылар тақырыпты талқылауға уақтылы және нақты дайындалып, белсенді қатысуы керек.
11.Білім алушылардың жазбаша жұмыстарының барлық түрлері плагиат мәніне тексеруден өтеді.
12.Өз жұмыс орнының санитарлық жағдайы мен жеке гигиенасы үшін жауапты болу.
13.Аудиторияларда тамақтануға қатаң тыйым салынады.
14.Оқу бөлмелеріндегі қауіпсіздік ережелерін сақтау.
15.Академияның және сабақ өтіп жатқан клиникалық базалардың ішкі тәртіп ережелерін сақтау.
16. Курстастар мен оқытушыларға шыдамды, ашық және мейірімді болу.
17. Кафедра мүлкіне ұқыпты қарау.
18. Оқу уақытында ұялы телефондарды өшіру.

**Талаптар орындалмағанда білім алушыларға айып шаралары қолданылады:**
1) БӨЖ мерзімінде тапсырмағандардан (себепсіз болғанда) жұмыс қабылданбайды;
2) бір реттік бұзушылықтарға ескерту жасалады;
3) жүйелі тәртіпсіздіктерде деканатқа баянат жасалады.

| | |
|---|---|
| **13.** | **«ОҚМА» АҚ моральдық-этикалық құндылықтарына негізделген академиялық саясат** |
| **13.1** | Академиялық саясат. 4-т. білім алушының ар-намыс кодексі |
| **13.2** | Пән бойынша баға қою саясаты<br>Сабақтарда білімін бақылаудың бірнеше түрлері қолданылады.<br>Журналға орта бағасы қойылады.<br>Бақылаудың қандай да бір түрінен (ағымдық бақылау, аралық бақылаулар 1 не 2) өткізу бағасын алмаған білім алушы (50%) пән емтиханына жіберілмейді.<br>Емтиханға жіберудің қорытынды бағасы 60%-ды құрау керек, оған ағымдық бақылаудың 40% + 20% аралық<br>бақылаулардың орта бағасы есептеледі.<br>Аралық аттестаттау екі кезеңмен жүргізіледі: тәжірибелік дағдыларды қабылдау мен тестілеуден. |

| 14. | Бекіту және қайта қарау | | |
|---|---|---|---|
| **Кітапхана-ақпараттық орталығымен келісілген күні** | **Хаттама № ___** | **КАО басшысының ТАЖ** | **Қолы** |
| 27.08.25 | 9 | Дарбичева Р.И. | [signature] |
| **Кафедрада бекітілген күні** | **Хаттама № ___** | **Кафедра меңгерушісінің ТАЖ** | **Қолы** |
| 26.06.25 | 11 | Дациева П.М | [signature] |
| **«Стоматология» ББ АК мақұлдаған күні** | **Хаттама № 1** 28.10.25 | **«Стоматология» ББ АК төрағасының/төрайымының ТАЖ** | **Қолы** |
| | | Бариева М.К. | [signature] |
| **Қайта қарау күні** | **Хаттама № ___** | **Кафедра меңгерушісінің ТАЖ** | **Қолы** |
| | | | |
| **«Стоматология» ББ АК қайта қарау күні** | **Хаттама № ___** | **«Стоматология» ББ АК төрағасының/төрағасының ТАЖ** | **Қолы** |
| | | | |